

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 157 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 11 сәуір N 489 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.19. N 173 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 157 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-7, 64-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы ережеде:

1-тармақтағы "36-бабына" деген сөздер "30 және 36-баптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген сөздерден кейін ", облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін даналар саны, атаулары, оқыту сыныптары мен тілдері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге кезекті қаржы жылына арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қалыптастырады .

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қалыптастыратын мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, республикалық жалпы білім беретін мекемелердің оқушыларын және шетелдердегі оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету жүзеге асырылады"; мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік тапсырыс бойынша тек қана Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі пайдалануға рұқсат

еткен оқулықтар саны мен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етеді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК